№11 «Аружан» бөбекжай-балабақшасы

# Ұйымдастырылған оқу қызметтің вариативтік жоспары

*№6 «Қарлығаш» ересектер тобы*

**Тәрбиешілер:** Келгенбаева З. Т.
Бабажанова А. Б.

**Шымкент 2020ж.**

БЕКІТЕМІН
...бөбекжай-
...меңгерушісі
...А.Ш. Есбол
...20ж.

# «Кемпірқосақ» вариативтік бөлімі

**Мақсаты:**

Балаларды қағазбен жұмыс істеуге,пішілген үлгі бойынша бөліктерді қиып,жапсыра білуге үйрету.

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | «Менің үйдегі жұмыс орным» | 1 | 01.09.19 |
| 2 | «Менің жұмыс орным» | 1 | 10.09.19 |
| 3 | «Біздің үй» | 1 | 22.09.19 |
| 4 | «Алма ағашы» | 1 | 01.10.19 |
| 5 | «Менің бөлмемдегі өсімдік» | 1 | 13.10.19 |
| 6 | «Көбелектер бағы» | 1 | 22.10.19 |
| 7 | «Үйеңкі жапырағынан тырналар» құрастыру | 1 | 03.11.19 |
| 8 | Ұлу қабыршағынан тышқан құрастыру | 1 | 19.11.19 |
| 9 | Қарағай бүршігінен үкі құрастыру | 1 | 24.11.19 |
| 10 | «Кеме жасау» | 2 | 3.12 – 15.12.19 |
| 11 | «Дала кемесі — түйе» | 2 | 24.12–2.01.20 |
| 12 | «Дала кемесі — түйе». Жапсыру | 1 | 14.01.20 |
| 13 | «Сайқымазақ жасау» | 1 | 30.01.20 |
| 14 | «Қожанасыр жасау» | 2 | 4.02–13.02.20 |
| 15 | «Балық жасау» | 1 | 25.02.20. |
| 16 | «Қыс киімдегі қыз бала» | 1 | 5.03.20 |
| 17 | «Аяз атаны мүсіндеу» | 1 | 16.03.20 |
| 18 | «Балапандар жасау» (жапсырма) | 1 | 26.03.20 |
| 19 | «Киіз үй құрастыру» (қатырма қағазбен жұмыс) | 2 | 2.04–16.04.20 |
| 20 | «Киіз үй жасау» | 1 | 30.04.20 |
| 21 | «Кебіс тігу» | 2 | 05.05–21.05.20 |
| 22 | «Қызғалдақтар» (оригами әдісімен) | 1 | 28.05.20 |
| 23 | «Алма тасыған кірпі» | 1 | 2.06.20 |
| 24 | «Сәукеле жасау» (қатырма қағазбен, т.б. жұмыс) | 2 | 11.06–30.06.20 |
| 25 | Тігін құралдарымен таныстыру | 1 | 9.07.20 |
| 26 | Балаларды жіп ұзындығын өлшеп алуға үйрету | 1 | 21.07.20 |
| 27 | Ине сабақтау | 1 | 30.07.20 |
| 28 | «Жидекті инемен жіпке өткізу» | 1 | 4.08.20 |
| 29 | Сабаннан панно дайындау | 2 | 20.08–25.08.20 |
| Барлығы | | 36 сағат | |

Әдіскер: ____________ Л. Р. Жалымбетова

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ______ | *«Менің үйдегі жұмыс орным»* | Қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыру, талғампаздыққа, ептілікке баулу, ой-өрісін дамыту, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | Қалам, қайшы, бояу, түсті қағаздар, желім, картон қағаздар | **Сергіту сәті.**<br>**Ала мысық**<br>Ала мысық тырнама,<br>Тырнағаның болама?<br>Ұстайыншы қолыңнан,<br>Ойнайық, ер соңымнан.<br><br>**«Ұқсас пішіндерді тап» ойыны.**<br><br>**Саусақ жаттығуы:**<br>**«Қонаққа барамыз».**<br>Басбармақтың үйіне<br>Келді бүгін қонақтар.<br>Бес саусағың - бақытың,<br>Сонда, балам, бар құтың.<br>Бес саусағың бірiксе,<br>Текке кетпес уақытың.<br>Барлық саусақ - тату дос,<br>Бір-біріне көмектес. |
| ______ | *«Менің жұмыс орным»* | Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыруға және керекті құрал-жабдықтардың өз орындарын сайлап, балаларды өздігінен жұмыс жасай білуге үйрету, еңбек-сүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Үлгі, ереже, суреттер. | Берілген сөзжұмбақты дұрыс шеше білу.<br><br>1. Ол келсе орман шулайды,<br>Толқып, теңіз тулайды.<br>Куса өзен куады,<br>Ешкім оны кумайды.<br>(жел)<br>2. 3. Өзі - көзі,<br>Көзі - өзі.<br>(күн)<br>4. 5. Тізілсе өскен тісі бар,<br>Көп істеген ісі бар.<br>(орақ)<br>6. Жарқылдаған қос қылыш,<br>Қолға тисе жоқ тыныш.<br>(қайшы)<br>7. Күн бата қонақтап қалғыған,<br>Таң ата жерден жем аңдыған.<br>(тауық) |

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ___ | *«Біздің үй»* | Балалардың эстетикалық сезімдерін, қиялын дамыту, жапсыру әдістерін үйрету.<br>Түрлі түсті қағаздардан геометриялық пішінде үшбұрышты, тік төртбұрышты қиып, дайын затты қағаз бетіне дұрыс желімдеп жапсыруға үйрету. | Әртүрлі үйлердің иллюстрациясы, түрлі түсті қағаздар, қылқалам, желім. | **Сергіту сәті.**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br><br>**«Пішінді ата» дидактикалық ойыны**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Суда балық жүзеді,<br>Суда өмір сүреді.<br>Айнадағы бейнедей<br>Қимылдарды қайтала.<br>Оңға, солға бұрылдық,<br>Алға, артқа иілдік.<br>Тіземізді бүктіріп,<br>Қолды создық тік тұрып. |
| ___ | *«Алма ағашы»* | Пішіндерді бейнелеуде пропорциялық қатынастарды көре білу және оны қағаз бетіне түсіре білу дағдыларын қалыптастырып, табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. | Түрлі түсті қағаздар, қайшы, желім, сүлгі. | **Жұмбақ:**<br>Сырты қызыл, іші ақ,<br>Доп-дөңгелек, тәтті-ақ.<br>Ағашта өседі,<br>Күзде піседі.<br>(алма)<br><br>**Қимылды ойын:** «Тірі мүсін»<br><br>**Саусақ жаттығуы:**<br>**«Қонаққа барамыз».**<br>Басбармақтың үйіне<br>Келді бүгін қонақтар.<br>Бес саусағың - бақытың,<br>Сонда, балам, бар құтың.<br>Бес саусағың біріксе,<br>Текке кетпес уақытың.<br>Барлық саусақ - тату дос,<br>Бір-біріне көмектес. |

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ____________ | *«Үйеңкі жапырағынан тырналар» құрастыру* | Балалардың жапырақпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырып, дидактикалық ойын түрінде тырнаны жапырақтан қиып жасау жолдарымен таныстыру. Жұмысты ұқыпты жасауға, құстарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. | Құстардың суреттері, үйеңкі жапырақтары, қайшы, желім. | Құстар жайында **жұмбақ** жасыру:<br>Алшақ-алшақ басады,<br>Бірін-бірі көрсе қаңқылдасады.<br>(қаз)<br>Көкте ұшады тізіліп,<br>Біз қараймыз қызығып.<br>(тырналар)<br><br>**«Ұқсас пішіндерді тап» ойыны.**<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Жалғыз саусақ тіпті де<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ:<br>Қала салсақ, жол салсақ |
| ____________ | *Ұлу қабыршағынан тышқан құрастыру* | Балаларды табиғи материалдармен таныстыру, олармен жұмыс жасаудың дағдыларын қалыптастыру. Ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету. Табиғи материалдарды ермексазбен жіпке толықтыру арқылы тышқанның бейнесін жасату. Жұмыс орнын таза ұстау, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Еңбек дағдыларын қалыптастыру. | Ұлу қабыршағы, ермексаз, жіп, тақтайша, тышқан бейнесінің үлгісі. | **Тышқанның жасалу жолдарын түсіндіреді.**<br>➢ ермексазды екі бөлікке бөліп алу;<br>➢ ермексазды алақан арасына салып домалақтап, одан құлағының және аяқтың пішінін келтіріп алады;<br>➢ денесін ұлу қабыршағынан жасап, ермексаздан құлағын, көзін, аяғын жасаймыз.<br><br>**Саусақ жаттығуы:**<br>**«Қонаққа барамыз».**<br>Басбармақтың үйіне<br>Келді бүгін қонақтар.<br>Бес саусағың - бақытың,<br>Сонда, балам, бар құтың.<br>Бес саусағың біріксе,<br>Текке кетпес уақытың.<br>Барлық саусақ - тату дос,<br>Бір-біріне көмектес. |

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ______ | *Қарағай бүршігінен үкі құрастыру* | Балаларды табиғи материалдармен таныстыру, олармен жұмыс жасаудың алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ермексазды пайдалану, оны табиғи материалдармен толықтыру, үкінің бейнесін жасату. Жұмыс орнын таза ұстау, ұқыптылыққа тәрбиелеу, еңбек дағдыларын қалыптастыру. | Табиғи материалдар, қарағай бүршіктері, бұтақтар, ермексаз, тақтайша, үкінің үлгі суреті. | **Шаттық шеңбері.**<br>Күнім күлім қағады,<br>Шуағын маған шашады!<br>Қуан, қуан, алтын Күн!<br>Қуан, қуан, Жер-көгім!<br>(Г. Бектұрова)<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br><br>**«Пішінді ата» дидактикалық ойыны** |
| ______<br>______ | *«Кеме жасау»* | Мазмұнды композиция құра білуге үйрету, бейнелерді беруде түстердің үйлесімділігін сезінуге баулу. Шаршыдан кемені қиып алу әдісіне жаттықтыру. Балаларға өздері жасаған жұмыстарына қарай отырып, әңгіме құрастыруға және бағыттаушы сұрақтарға толық, мазмұнды жауап беруге тәрбиелеу. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | Түрлі түсті қағаздар, қайшы, желім, қарындаш, сүлгі, үлгі көрнекілік. | **Жұмбақ:**<br>Еш тесікке тұрмайды,<br>Ол жоқта жер құрғайды.<br>(су)<br>Аяғы жоқ, қолы жоқ,<br>Не жүретін, жолы жоқ.<br>Мініп алсаң зулайды,<br>Бірақ, ізі қалмайды.<br>(кеме)<br>Айлар бойы жүзеді.<br>Жерді көрмей жүреді.<br>Ақ жол таумен алысқан,<br>Адамды кім біледі?<br>(теңізші)<br><br>**Қимылды ойын:** «Тірі мүсін» |

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ____________<br>____________ | *«Дала кемесі — түйе»* | Балаларды төрт түліктің ішіндегі ерекше мал - түйемен таныстыру. Түйенің адамға пайдасын айта отырып, төрт түлікке деген қамқорлықпен қарау, ересектердің еңбегіне құрмет сезімін қалыптастыра тәрбиелеу. Түйені жыртылған қағаздан дайындай білуге үйрету. | Үлгі, қағаз шаблон - екі өркешті шөккен түйенің силуэтті бейнесі, фломастер, қайшы. | **Жұмбақ** жасырады:<br>Имек мойны керілген,<br>Жайылуға ерінген.<br>Айыр жота үстінде,<br>Алыстан айқын көрінген<br>(түйе)<br><br>**Сергіту сәті**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>(орындарынан тұру)<br>Алақанды ұрайық.<br>(қол шапалақтау)<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>(бір отыру, бір тұру)<br>Біз тынығып алайық.<br>(тоқтап, тыныс алу)<br><br>**«Ұқсас пішіндерді тап» ойыны.** |
| ____________ | *«Дала кемесі — түйе». Жапсыру* | Жапсыру кезінде жануарлардың өзіне тән ерекшеліктерін оған қатысты шамасын беруептілігін бекіту. Жапсыру тәсілдерін қолдана отырып, шығармашылық белсенділігін жетілдіру. | Түйені бейнелеу жолының сызбасы, қоңыр, қара, қызыл, түрлі түсті қағаздар, қылқалам, желім, сүлгі. | **Жұмбақ** жасырады:<br>Имек мойны керілген,<br>Жайылуға ерінген.<br>Айыр жота үстінде,<br>Алыстан айқын көрінген<br>(түйе)<br><br>**Сергіту сәті**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>(орындарынан тұру)<br>Алақанды ұрайық.<br>(қол шапалақтау)<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>(бір отыру, бір тұру)<br>Біз тынығып алайық.<br>(тоқтап, тыныс алу)<br><br>**«Пішінді ата» дидактикалық ойыны** |

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ___________ | *«Аяз атаны мүсіндеу»* | Балалардың толық бейнені құрастыру әдісі арқылы мүсіндеу іскерліктерін баулу. Аталмыш әдіс арқылы Аяз ата бейнесін мүсіндеуге үйрету. Шығармашылық қабілетін, көркемдік ойлауын дамыту. | «Аяз ата» ойыншығы, ермексаз, сулы орамал, тақтайша, таяқша. | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Қонаққа барамыз».**<br>Басбармақтың үйіне<br>Келді бүгін қонақтар.<br>Бес саусағың - бақытың,<br>Сонда, балам, бар құтың.<br>Бес саусағың біріксе,<br>Текке кетпес уақытың.<br>Барлық саусақ - тату дос,<br>Бір-біріне көмектес.<br><br>**Қимылды ойын:** «Тірі мүсін»<br><br>**Сергіту сәті.**<br>**Күшігім**<br>Күшігім менің келе ғой<br>Құшағыма ене ғой.<br>Мойнына бау тағайын,<br>Ойынға ертіп барайын |
| ___________<br>___________ | *«Қожанасыр жасау»* | Балаларға қағаздың қарапайым бүктеу тәсілдерін, шаршы қағазды тең екі бөлікке, тігінен, көлденеңінен кері бүктей алу дағдыларын жетілдіру. Көмекші сызбаны қолдана отырып, Қожанасырдың басы мен денесін ретпен бүктеуге үйрету. Ою- өрнек элементтерін ажырата білу, түрлі түсті қағаздан қиып жапсыру дағдыларын жетілдіру. Халық ауыз әдебиетін түсіндіру арқылы сөздік қорын молайту, ойлау қабілеттерін дамыту. Қағаз бетіне кейіпкерді дұрыс орналастыру дағдысын дамыту. | Қожанасырдың басы мен денесінің сызбасы, түсті қағаздар, қайшы, желім. | **Шаттық шеңбері.**<br>Күнім күлім қагады,<br>Шуагын маган шашады!<br>Қуан, қуан, алтын Күн!<br>Қуан, қуан, Жер-көгім!<br>(Г. Бектұрова)<br><br>**«Ұқсас пішіндерді тап» ойыны.**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Суда балық жүзеді,<br>Суда өмір сүреді.<br>Айнадағы бейнедей<br>Қимылдарды қайтала.<br>Оңға, солға бұрылдық,<br>Алға, артқа иілдік.<br>Тіземізді бүктіріп,<br>Қолды создық тік тұрып. |

8

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ______ | *«Балық жасау»* | Оригами техникасымен таныстыру, жапсыру үшін түрлі құрал-жабдықтарды пайдалана білуді қалыптастыру. Тірі табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру. | Балықтың суреті, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, жіп, қол сүртетін сүлгі. | **Жұмбақ шешу:**<br>Терісі бар, жүні жоқ.<br>Жүрісі бар, ізі жоқ.<br>Қанаты бар, ұшпайды.<br>Су астында қыстайды.<br>(балық)<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br><br>**«Пішінді ата» дидактикалық ойыны** |
| ______ | *«Қыс киімдегі қыз бала»* | Бейнелеу өнерінің түрі - мүсін туралы түсініктерін қалыптастыру. Саз балшықпен таныстыру. Адамның дене бітімін мүсіндеу дағдысын бекіту. | Саз балшық, тақтайша, кескіш, қол сүлгілер. | **Сергіту сәті.**<br>Жалғыз саусақ тіпті де<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ:<br>Қала салсақ, жол салсақ<br><br>**Сергіту сәті**<br>Суда балық жүзеді,<br>Суда өмір сүреді.<br>Айнадағы бейнедей<br>Қимылдарды қайтала.<br>Оңға, солға бұрылдық,<br>Алға, артқа иілдік.<br>Тіземізді бүктіріп,<br>Қолды создық тік тұрып. |

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| ________ | *«Сайқымазақ жасау»* | Балаларға қағаздың қарапайым бүктеу тәсілдерін, қағаз бұрыштарының бір-біріне сәйкес келуін қадағалауды үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын өрнектерді салу арқылы дамыту. Бүктелген қағаздағы сайқымазақтың бейнесін қиып, оған өрнек салуды үйрету. Цирк туралы мағлұмат беріп кету. | Түрлі түсті қарындаштар, ақ қағаз, қайшы. | **Сергіту сәті.**<br>**Күшігім**<br>Күшігім менің келе ғой<br>Құшағыма ене ғой.<br>Мойнына бау тағайын,<br>Ойынға ертіп барайын<br><br>**«Ұқсас пішіндерді тап» ойыны.**<br><br>**Саусақ жаттығуы:**<br>**«Қонаққа барамыз».**<br>Басбармақтың үйіне<br>Келді бүгін қонақтар.<br>Бес саусағың - бақытың,<br>Сонда, балам, бар құтың.<br>Бес саусағың біріксе,<br>Текке кетпес уақытың.<br>Барлық саусақ - тату дос,<br>Бір-біріне көмектес. |
| ________ | *«Балапандар жасау»*<br>*(жапсырма)* | Құстар жайындағы түсініктерін жетілдіру. Құстар үнін ажырата білуге жаттықтыру. Жапсыру іскерлік дағдыларын қалыптастыру. Балалардың сопақша дөңгелек пен тіктөртбұрышты қию дағдыларын жетілдіру, қарапайым пішіндерден балапанның бейнесін жапсыра білуге үйрету, ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. | Ақ және сары түсті қағаздар, екі тіктөртбұрыш, желім, қайшы, түрлі түсті қағаз бөлшектері, қылқалам, сүлгі. | **Жұмбақ жасырады:**<br>Ақ сарайды талқандап,<br>Шықты біреу талтаңдап.<br>(балапан)<br><br>**Ойын: «Балықты көркемде».**<br>Балаларға балықтар мен қабыршақтар таратылады.<br><br>**Шаттық шеңбері.**<br>Күнім күлім қағады,<br>Шуағын маған шашады!<br>Қуан, қуан, алтын Күн!<br>Қуан, қуан, Жер-көгім!<br>(Г. Бектұрова) |

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ____________<br>____________ | *«Киіз үй құрастыру» (қатырма қағазбен жұмыс)* | Балаларды киіз үймен таныстыра отырып, оны қатырма қағаздан құрастыра білуге үйрету. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту, еңбекке деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. | Үлгі, ақ түсті қатырма қағаз, қарындаш, сызғыш, баклажкадан дайындалған киіз үйдің төбесі, қайшы, желім (ПВА), қылқалам, қылқаламға сүйеуіш, сүрткіш, (қажеттігіне қарай степлер), балалардың жұмыстарын орналастыруға арналған арнаулы үстел. | **Жұмбақ жасырады:**<br>Қазша қанатын жаяды,<br>Үйрекше мойнын созады,<br>Құсша қонады. - бұл не, балалар?<br>(киіз үй)<br><br>**«Енелері мен төлдері» ойыны.**<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br><br>**Ойын: «Балықты көркемде».**<br>Балаларға балықтар мен қабыршақтар таратылады. |
| ____________ | *«Киіз үй жасау»* | Қазақтың ою-өрнектері жөніндегі білімдерін бекіту. Балаларға киіз үйді ою-өрнектермен безендіруді үйрету. Түс және ырғақты сезінулерін дамыту. Балалардың ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар жасыру. Балалардың бойында өз ұлтының ұлттық заттарына құрметпен қарап, қастерлеуге тәрбиелеу. Бояуды ұқыпты қолдануға дағдыландыру. | Қатты картон, қайшы, түрлі түсті бояулар, қылқалам, қылқалам қоятын тұғырлар, қарындаш, т.б. | **Жұмбақ шешу:**<br>Ұқсайтын шеңберге,<br>Қабырғасы жиылып, керіледі.<br>Жиһазы мол кең бөлме,<br>Төбесінен жұлдыздар көрінеді.<br>(Киіз үй)<br><br>**«Ұқсас пішіндерді тап» ойыны.**<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Жалғыз саусақ тіпті де<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ:<br>Қала салсақ, жол салсақ |

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ____________<br>____________ | *«Кебіс тігу»* | Балаларды кебіспен таныстыру. Кебіс қазақтың ұлттық аяқ киімі. Кебісті былғары матадан тігеді. Балаларды қатты картон қағаздан бұйымдар жасауға үйрету. Қағазды қию және өрнек салу арқылы саусақтардың әртүрлі ұсақ қимылдарын жасауға үйрету. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту. | Түрлі түсті картондар, қайшы, ине, жіп, қарындаш. | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Қонаққа барамыз».**<br>Басбармақтың үйіне<br>Келді бүгін қонақтар.<br>Бес саусағың - бақытың,<br>Сонда, балам, бар құтың.<br>Бес саусағың біріксе,<br>Текке кетпес уақытың.<br>Барлық саусақ - тату дос,<br>Бір-біріне көмектес.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>**Күшігім**<br>Күшігім менің келе ғой<br>Құшағыма ене ғой.<br>Мойнына бау тағайын,<br>Ойынға ертіп барайын |
| ____________ | *«Қызғалдақтар»*<br>*(оригами әдісімен)* | Қағаз, оның пайдаланылуы туралы түсінік беру. Қағазды бүктеу арқылы жасауға үйрету. Баланың ой-қиялын кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту. Қағазды әртүрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру. Балаларға қағазды бүктеудің қарапайым әдістерімен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарының сәйкес келуін қадағалап отыруды үйрету. Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту. | Түрлі түсті қағаздар, қызғалдақтың суреті. | **Сергіту сәті.**<br>Жалғыз саусақ тіпті де<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ:<br>Қала салсақ, жол салсақ<br><br>**«Пішінді ата» дидактикалық ойыны**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Суда балық жүзеді,<br>Суда өмір сүреді.<br>Айнадағы бейнедей<br>Қимылдарды қайтала.<br>Оңға, солға бұрылдық,<br>Алға, артқа иілдік.<br>Тіземізді бүктіріп,<br>Қолды создық тік тұрып. |

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ________ | *«Алма тасыған кірпі»* | Балаларды бүктеу техникасымен таныстыруды жалғастыру. Бір парақты бөліп, екіден бір бөлігін үшбұрышты етіп бүктеп, кірпінің мұрнын жасап аламыз. Түрлі түсті қағаздан төртбұрыштап, мойын жағын бүктеп, жапсыру тәсілін үйрету. Алманың төртбұрышын бүктеу арқылы жапырақты қиып алып, оны алмаға жапсыруды көрсету. Жан-жануарларды, табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. | Түрлі түсті қағаздар, желім, қайшы, кірпіні бүктеу ретінің сызбасы, шаршы қағаздар. | **Сергіту сәті.**<br>Денсаулықты сүйеміз,<br>Шынығамыз күнде біз.<br>Бір, екі, үш!<br>Бір, екі, үш!<br>Бұлшық етте, міне, күш!<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай иіліп,<br>Солға қарай иіліп,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бойымызды созайық.<br>Белімізді жазайық.<br><br>**«Ұқсас пішіндерді тап» ойыны.**<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық. |
| ________<br>________ | *«Сәукеле жасау» (қатырма қағазбен, т.б. жұмыс)* | Балаларды ұлттық киімдермен, оның ішінде сәукелемен таныстыру. Қағаздан сәукелені құрастыра білуге үйрету. Оюөрнектерді орналастыру арқылы шығармашылық қабілетін дамыту. Ұлттық еңбекке сүйіспеншілігін туғызу, еңбектенуге ниетін қалыптастыру. Еңбекті және еңбек адамын құрметтеуге тәрбиелеу. | Үлгі, қатырма қағаз, шаблон-сызба, жасанды жүннен жолақша (немесе құстың ұлпа жүнінен), құс қауырсынынан үкі, жіңішке лента қиындысы, балалардың өздері түсті қағаздан қиып дайындаған оюлар, қайшы, желім (ПВА), қылқалам, қылқаламға сүйеуіш, сүрткіш. | **Шаттық шеңбері.**<br>Күнім күлім қағады,<br>Шуағын маған шашады!<br>Қуан, қуан, алтын Күн!<br>Қуан, қуан, Жер-көгім!<br>(Г. Бектұрова)<br><br>**Сергіту сәті**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Құсша қанат жазайық,<br>Көк аспанда қалықтап<br>Қанат қағып алайық.<br>Айналаға қарайық,<br>Жан-жақты біз, шолайық,<br>Жоғары-төмен ұшайық,<br>Орнымызға қонайық. |

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ___________ | *Тігін құралдарымен таныстыру* | Балаларды тігін құралдарымен таныстырып, олардың атқаратын қызметін түсіндіру. Түйіндеп байлауды үйрету, еңбекке қызығушылығын арттырып, саусақ қимылын дамыту. | Жабдықтар салынған қораптар ішінде ине, жіп, қайшы, оймақ, өлшеуіш (сантиметрлік лента) сызғыш және пішім үлгілері, бор, мата. | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Қонаққа барамыз».**<br>Басбармақтың үйіне<br>Келді бүгін қонақтар.<br>Бес саусағың - бақытың,<br>Сонда, балам, бар құтың.<br>Бес саусағың біріксе,<br>Текке кетпес уақытың.<br>Барлық саусақ - тату дос,<br>Бір-біріне көмектес.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>**Күшігім**<br>Күшігім менің келе ғой<br>Құшағыма ене ғой.<br>Мойнына бау тағайын,<br>Ойынға ертіп барайын |
| ___________ | *Балаларды жіп ұзындығын өлшеп алуға үйрету* | Балалардың құрал-жабдықтар туралы білімін бекіту. «Өлшеу», «түйіндеу» деген сөздердің мағынасын түсіндіру. Жіпті өлшеп алу дағдысын жетілдіру, түйіндеу техникасын үйрету, тігуге қызығушылығын тудыру, еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу. | Түрлі түсті жіп, кесте жіп, кестеленген орамал. | **Шаттық шеңбері.**<br>Күнім күлім қағады,<br>Шуағын маған шашады!<br>Қуан, қуан, алтын Күн!<br>Қуан, қуан, Жер-көгім!<br>(Г. Бектұрова)<br><br>Ы.Алтынсарин «Сарандық пен жинақылық» туралы әңгімесін оқу.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық. |

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ___ | *Ине сабақтау* | Балаларды инеге жіпті дұрыс өткізуге үйрету, түйін түюді бекіту, моншақты жіпке өткізу арқылы жаттықтыру, жидекті жіпке тізу арқылы дағдыландыру. | Ине, әртүрлі жіптер, моншақтар, түймелер, шетен жидегі. | **Жұмбақ шешу:**<br>Жүрген сайын жүйрігім,<br>Қысқартады өзін.<br>(жіп)<br>Бар екен дүниеде жалғыз көзді,<br>Сол көзбен дүниенің бәрін кезді.<br>Әлемді он сегіз мың киіндіріп,<br>Дүниеден жап-жалаңаш өзі безді.<br>(ине)<br><br>**Сергіту сәті.**<br>**Күшігім**<br>Күшігім менің келе ғой<br>Құшағыма ене ғой.<br>Мойнына бау тағайын,<br>Ойынға ертіп барайын |
| ___ | *«Жидекті инемен жіпке өткізу»* | Балаларды инені сабақтауға, жіпті түйіндеу дағдысын бекітуге дағдыландыру. | Ине, жіп, қайшы. | **Сергіту сәті.**<br>Жалғыз саусақ тіпті де<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ:<br>Қала салсақ, жол салсақ<br><br>**«Ұқсас пішіндерді тап» ойыны.** |

15

| Күні | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар | Сабақ барысы |
|---|---|---|---|---|
| ____________<br>____________ | *Сабаннан панно дайындау* | Балаларға панно жасауды үйрете отырып, сәндік қолданбалы өнердің жаңа түрімен таныстыру. Балалардың сабанмен жұмыс жасау білімін жүйелендіру, шеберлік деңгейін арттыру арқылы әсемдік пен сұлулықты бағалай білуге үйрету. Балалардың жұмысты орындаудағы ептілігін дамыту, алған білімін өз бетінше қолдана білуін қадағалау. Өзге ұлттың өнерін қастерлей білуге үйрету, біткен бұйымды талдап, сәндік талап қоя білуге тәрбиелеу. Тазалық гигиеналық талаптарды орындауға дағдыландыру. Техникалық қауіпсіздік ережесін жетік білуге және оны сақтауға үйрету. | Сабаннан жасалынған «панно» түрлері, ПВА желімі, қайшы, қайнатып үтіктелген сабан, калька қағазы, қарындаш, ереже, нұсқау карталары, т.б. | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Қонаққа барамыз».**<br>Басбармақтың үйіне<br>Келді бүгін қонақтар.<br>Бес саусағың - бақытың,<br>Сонда, балам, бар құтың.<br>Бес саусағың біріксе,<br>Текке кетпес уақытың.<br>Барлық саусақ - тату дос,<br>Бір-біріне көмектес.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық. |

16.

№11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

**№6 «Қарлығаш» ересектер тобының**
**2020-2021 оқу жылына арналған балабақша күн тәртібінде ұйымдастырылған оқу қызметтің вариативтік жоспары**

(номерленген, бет саны 16 бауланған, мөрмен бекітілген)

МКҚК №11 «Аружан» б/б

**басшысы ____________ А.Ш. Есбол**